

**«Жамбыл облыстық қан орталығы» ШЖҚ МКК**  
**Қан дайындау бөлімінің**  
**№ 2 Хаттамасы**

Тараз қаласы

25.01.2024 ж.

**Қатысқандар:** ДЖ және ДӨББ дәрігер – терапевті А.Н.Кульджабаева, ПБК инспекторы-А.Д.Қапан, ДЖ және ДӨББ аға медбикесінің м.а.-Л.Б.Нақыпбекова, ҚДБ аға медбикесі-А.М.Суранова, ҚТБ аға зертханашысы – Г.И.Елеусинова, СБ және ІАБ аға зертханашысы – К.К.Қуанышбекова, инфекциялық медбикесі-Д.Айтмаханбетқызы, қалдықтарды жою бөлімінің медбикесі - А.С.Данаева, ҚТБ зертханашы-мамандары, қан орталығының орта және кіші медицина қызметкерлері.

**КҮН ТӘРТІБІ**

- 1) Қанды және оның компоненттерін донациялау кезінде жанама реакциялар пайда болған кезде донорға көрсетілетін медициналық көмек.
- 2) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру.

**Сөз сөйлеген:** Қан дайындау бөлімінің дәрігер-трансфузиологі А.М.Джаланашова.

1. Қанды және оның компоненттерін донациялау кезінде жанама реакциялар пайда болған кезде донорға көрсетілетін медициналық көмек.

Қанды және оның компоненттерін донациялау кезінде көрсетілетін медициналық көмек пайыздық есеппен көрсететін болсақ, жиі 80 % ер азаматтарға және 20 % әйелдерге көрсетіледі. донорлар донация басынан аяғына дейін қан дайындау бөлімі қызметкерлерінің бақылауында болады. Донорларға міндетті түрде, донация алдында дәрігер-терапевттен қан тапсыруға рұқсат алғаннан кейін шайханаға баруы ұсынылады және қан дайындау бөлімінің қызметкерлері донорларға донациядан кейін 5-10 минут отыра тұруын сұрайды, бұл донациядан кейінгі жанама әсердің, әсіресе естен тану мен АҚҚ төмендеуінің алдын-алады.

**Қанды және оның компоненттерін донациялау кезінде болуы мүмкін жанама реакциялар:**

- 1.Естен тану;
- 2.Гипертензивтік криз;
- 3.Жүректің ишемиялық ауруы, ауыр стенокардия;
- 4.Анафилактикалық шок;

**Естен тану-**аз уақытқа кенеттен ес-түссіз қалу. Ол мидың гипоксиясы әсерінен дамиды. Онда жүрек және тыныс қызметінің әлсіреп, қайта қалпына келуі байқалады.

**Естен тану алды:** донор әлсірейді, көзі қарауытады, ұйқышылдық, құлағы шуылдайды, басы айналады, жүрегі айниды, тершеңдік басады, терісінің бозаруы бірнеше секундтан бірнеше минутқа созылады.

**Естен тану кезеңі:**

Донор есінен танады;бұлшықеттерінің тонусы төмендеп, терісі бозарады, тынысы беткейлі болады, есін бірнеше секундтан бірнеше минутқа жоғалтады, кейде ми қанайналымының тоқтауына байланысты тонико-клоникалық тырысулар болып,

іріксіз зәр шығаруы мүмкін, көз қарашықтары тарылады (кейде кеңейеді), жарыққа реакциясы болмайды, рефлекстеріде жоғалады, науқастың пульсі әлсіз, АҚҚ қалыпты немесе төмендейді, жүрек тондары тұйықталған, тынысы беткейлі, сирек, кейде есі 10-20 минутқа дейін жоғалады.

## 2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жасау Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

### Шешімі:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 қазандағы № ҚР ДСМ - 140/2020 «Қанды, оның компоненттерін, сондай-ақ қанды, оның компоненттерін құю қағидаларын дайындау, өңдеу, сапасын бақылау, сақтау, өткізу қағидаларын, номенклатурасын бекіту туралы» бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-73 «Донорларды медициналық куәландыруға, медициналық қолдануға арналған қан өнімдерін өндіру кезіндегі қауіпсіздік пен сапаға қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығымен жұмыс жасалынсын;

2) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлық ресми түрде келесідей мазмұндалсын: сыбайлас жемқорлық, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, пара алу, пара беру.

Хатшы



А.Джаланашова

# *Реферат*

Тақырыбы: Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру.

Орындаған: А. Джаланашова

## Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жасау Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

**«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлық ресми түрде келесідей мазмұндалады:**

**Сыбайлас жемқорлық** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік қызметтерді орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

**Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік). Егер Сізге пара ұсынса немесе Сізден пара талап етсе! Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі параға байланысты қылмыстардың екі түрін қарастырады:

- пара алу (366-б.);
- пара беру (367-б.).

**Пара алу** – ең қауіпті лауазымдық қылмыстардың бірі, әсіресе егер ол тұлғалар тобымен жасалса немесе лауазымды тұлғамен, заңды не болмаса заңсыз әрекеттер (әрекетсіздіктер) үшін артықшылық пен пайда алуда жасалатын қорқытып алушылықпен сүйемелденеді.

**Пара беру** – лауазымды тұлғаны заңды немесе заңсыз әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасауға, не болмаса берушінің пайдасына қандай да бір артықшылықтарды алуды,

ың ішінде қызмет бойынша камқорлық, не салғырттық ұсынуға бағытталған қылмыс.

**Пара алу дегеніміз:** Заттар – ақшалар, оның ішінде валюта, банк чектері және құнды қағаздар, гауһар металлдан және тастан бұйымдар, автокөліктер, азық-түлік өнімдері, бейнетехникалар, тұрмыстық аспаптар мен басқа тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртынан үйлер, гараждар, жер учаскілері және өзге де жылжымайтын мүліктер. Қызметтер мен пайдалар – емдеу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаториялық және туристтік жолдамалар, шет елге жол жүру, ойын-сауықты төлеу және өзге де қайтарылмайтын немесе бағасы төмендетілген шығындар. Пара алудың бүркемеленген нысаны – қарызға немесе қолданыста жоқ қарызды төлеу ретінде банктік қарыз, төмендетілген баға бойынша сатып алынған тауарларды төлеу, көтерілген бағамен тауарларды сатып алу, пара алушыға, оның туыстарынан достарына еңбекақы төлемімен жалған еңбек келісім-шарттарын жасау, жеңілдік несие алу, дәрістер, мақалалар және кітаптар үшін қаламақыны арттыру, казинода «кездейсоқ» ұтып алу, жалға беру төлемін азайту, несие бойынша пайыз мөлшерлерін көбейту және тағы басқалар.

**Бұны білу маңызды!** Қылмыс туралы ауызша хабарламалар мен жазбаша өтініштер тәулік бойы құқық қорғау органдарында қылмыс жасау жеріне және уақытына тәуелді емес қабылданады. Сіз хабарламаны қабылдаған қызметкер және оның қолы, тіркеу нөмірі, құқық қорғау органының атауы, мекенжайы және телефоны, хабарламаны қабылдау күні туралы мәлімет көрсетілетін талон-хабарламаны немесе құқық қорғау органында оны тіркеу туралы белгісі бар өз өтінішіңіздің көшірмесін алуға құқылысыз. Сізден алынған хабарлама (өтініш) құқық қорғау органында шұғыл тіркелуі тиіс және Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыру үшін жоғары басшыға жеткізіледі. Сіздің өтінішіңізді орындаумен айналысу тапсырылған құқық қорғау органында Сіз қабылданатын шаралардың сипатын анықтауға және Сіздің құқығыңыз бен заңды мүдделеріңізге қатысты мәселелер бойынша аса толық ақпарат алу үшін тиісті бөлімшенің басшысын Сізді қабылдауды талап етуге құқылысыз.

Пара беру туралы Сіздің хабарламаңызды (өтінішіңізді) қабылдаудан бас тартқан жағдайда Сіз жоғарғы инстанциялардың заңсыз әрекеттеріне шағымдануға, сонымен қатар құқық қорғау органдарының қызметін прокурорлық қадағалауды жүзеге асыратын жоғарғы органына құқық қорғау қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне шағым беруге құқылысыз. Үнталандыру түрлері... Қазақстан Республикасының Үкіметі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу қағидаларын бекітті (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1131 қаулысы). Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарға біржолғы ақшалай сыйақы түрінде жүзеге асырылатын көтермелеу белгіленеді.

**Біржолғы ақшалай сыйақы түріндегі көтермелеу мынадай мөлшерде белгіленеді:**

1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы әкімшілік істер бойынша - 30 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК);

онша ауыр емес сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша — 40 АЕК;

3) ауырлығы орташа сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша — 50 АЕК;

4) ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша - 70 АЕК;

5) аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша - 100 АЕК.

Осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген жағдайларда, грамотамен марапаттау немесе алғыс жариялау түріндегі көтермелеулер белгіленуі мүмкін. Ынталандыруды қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда жәрдемдесу:

1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактісі туралы хабарлауды;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған іздеудегі адамның тұрған жері туралы ақпарат беруді;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу үшін кейіннен маңызы болған өзге де жәрдем беруді қамтиды.

Көтермелеу адам берген ақпарат шындыққа сәйкес болса және айыпты адамға қатысты:

1) әкімшілік жаза қолдану туралы сот қаулысы заңды күшіне енген;

2) айыптау үкімі заңды күшіне енген;

3) ақталмайтын негіздер бойынша істі қысқарту туралы қаулы шығарылған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

#### Жауаптылық:

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына

байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы (ҚР Қылмыстық кодексінің 366-бабы) – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұданда биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Орындаған

А. Джаланашова

- Донор өлмереті
- Көзі қарауылға
- Үйсіздікке
- Құлағы шықпалар
- Басты айналып
- Жүрек айыды
- Терінің басы
- Терісінің бозаруы, бірінші-сәуегінің бірінші
- мұндағы соланды

# АН ЖЕРГЕ ТҮ

